



**Автор:** ҚАСЕН ӘМИНА БАЛТАБАЙҚЫЗЫ

**Пән:** Математика

**Сынып:** 2-сынып








**Бөлім:** Тиімді есептеу жолдары

**Тақырып:** Баға. Сан. Құн

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.5.1.3 - бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға; мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару
Сабақтың мақсаты:	Монеталарды ажыратуды және олармен әртүрлі амалдар орындауды үйрену
Тілдік мақсаттар:	«Баға», «мөлшер» (сан), «құн» ұғымдарымен байланысты есептер құрастыру және шығару
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: «Баға», «сан», «құн» ұғымдарын біледі. Бірқатар оқушылар: Бірдей қосылғыштардың қосындысын табады, бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдайды Кейбір оқушылар: «Баға», «мөлшер» (сан), «құн» ұғымдарына байланысты есептер құрастырады және шығарады
Бағалау критерийлері:	Монеталарды ажыратады және олармен әртүрлі амалдар орындайды ; Көрсетілген бағаны қандай қағаз ақша және монеталармен жинай алады ; Теңдеулер құрастыра алады, мәнін таба алады;
Құндылықтарды дарыту:	Монеталарды ажыратады және олармен әртүрлі амалдар орындайды Заттың құнын есептей алады Заттың бағасын таба алады Заттың санын есептей алады Көрсетілген бағаны қандай қағаз ақша және монеталармен жинай алады
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Көрсетілген кесте бойынша есептер құрастырады , оларды шығарады
Пәнаралық байланыс:	дүниетану, жаратылыстану
Бастапқы білім:	Монеталарды ажырату және олармен әртүрлі амалдар орындау

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте. «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Бақыт жалаулары» 2-топ «Арман жалаулары» 3-топ «Қуаныш жалаулары» Жұмыс ережесіне келісу ● Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ● Уақытты үнемдейміз! ● Нақты, дәл жауап береміз! ● Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ● Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сураққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин)	<p>Жұптық жұмыс</p> <p> - 5 теңге</p> <p>Бағарындаш</p> <p> - 8 тг</p> <p>Оқушы</p> <p>Сызғыш -27 тг</p> <p> - ? тг</p> <p>Ереже құрастырады <math>Қ = Б \times С</math>      <math>С = Қ : Б</math>      <math>Б = Қ : С</math></p>	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Теңдеулер құрастырып, оларды шығарады.</p> <p><math>X + </math>  <math>= </math>        <math>- X = </math> </p>	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау; тиімді кері байланыс орнату
Рефлексия (5 мин)	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Баға», «мөлшер» (сан), «құн» ұғымдарын білу;</li> <li>есептер шығару барысында «баға», «мөлшер» (сан), «құн» шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану, 200 тг, 500 теңгелік монеталар мен купюраларды ажырату және олармен түрлі операциялар жүргізу;</li> <li>«Баға», «мөлшер» (сан), «құн» ұғымдарымен байланысты есептер құрастыру және шығару. Өз жұмысын жетістік сызғышының көмегімен бағалау ұсынылады</li> </ul>	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалар арқылы білдіре алады